

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Сақтандыру брокері қызметінің шарттары жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылғы 19 қантардағы N 6 қаулысына өзгерістер енгізу жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 19 ақпандығы N 37 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 23 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3503. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандығы № 270 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 270 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Сақтандыру брокері қызметінің шарттары жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылғы 19 қантардағы N 6 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2715 тіркелген, 2004 жылы Агенттіктің "Қаржы хабаршысы", "Финансовый вестник" N 1 (1) басылымында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру брокері қызметінің шарттары жөніндегі нұсқаулықта:

7-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы әрбір талап бойынша 176 000 айлық есептік көрсеткіштен және бір жылғы барлық талаптар бойынша 263 000 айлық есептік көрсеткіштен кем емес болады.";

8-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы әрбір талап бойынша 176 000 айлық есептік көрсеткіштен және бір жылғы барлық талаптар бойынша 263 000 айлық есептік көрсеткіштен кем емес болады.".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Сақтандыру рыногының субъектілерін және басқа қаржылық үйымдарды қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне және сақтандыру брокерлеріне жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары К.М. Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК